

**«Қорғау» Қостанай облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің
кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2022-2023 жылдарға арналған
бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық, еңбек шарт жағдайы
жұмыстарын ұйымдастыру туралы
АНЫҚТАМАСЫ**

2022 жылы «Қорғау» Қостанай облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай «Қорғау» қоғамдық бірлестігі) мүшелік ұйымдарымен ұжымдық-шарттық науқан «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (әрі қарай Кәсіподақ) қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған міндеттерге, Кәсіподақтың басшылық органдарының тиісті шешімдері мен қаулыларына сәйкес жүргізілген.

2022 жылдың 11 ақпанында «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Қорғау» Қостанай облыстық білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі арасында қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін, білім беру саласындағы жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді қамтамасыз ететін 2022-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Осы Келісімнің ережесі ұйым қызметкерлерімен ұжымдық, еңбек шарттарын жасасу кезінде, жеке еңбек дауларын шешу кезінде қолдануға міндетті.

2022 жылы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ активі үшін Кәсіподақ қызметінің Бағдарламасымен айқындалған міндеттерді шешу мақсатында білім беру ұйымдарының тұрақты және тиімді қызметін қамтамасыз ету және қызметкерлер үшін қажетті еңбек және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қалыптастыру бойынша тараптардың келісілген ұстанымдарын шартты түрде анықтау бойынша Кәсіподақ модератор болып, бірқатар оқу семинарлары өткізілді.

«Қорғау» қоғамдық бірлестігі құрылымында 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 185 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, олардың әрқайсысында ұжымдық шарттар жасалған. Оның ішінде филиалдардағы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны:

Қостанай қалалық кәсіподақ филиалында – 69;

Қостанай аудандық кәсіподақ филиалында – 42;

Меңдіқара аудандық кәсіподақ филиалында – 32;

Сарыкөл аудандық кәсіподақ филиалында – 6;

Облыстық ұйым құрылымына тікелей қарасты бастауыш кәсіподақ ұйымдары – 36.

2022 жылы барлығы 62 ұжымдық шарт жасалған, Әлеуметтік әріптестік туралы келісімге сәйкес 106 ұжымдық шартқа толықтырулар енгізіле отырып, қолданыс мерзімдері ұзартылды.

Ұжымдық шарттар кәсіподақтың 9 945 мүшесіне, оның ішінде 9 843 жұмыс жасайтындар және 102 уақытша жұмыс жасамайтындар санын құрайды (ұзақ әлеуметтік демалыстар) қолданылуда.

Ұжымдық шарттардың мазмұны ең маңызды мәселелердің кең ауқымын қамтиды: еңбекақы төлеу және еңбек уақытын межелеу, кепілдіктер мен өтемақылар, еңбек пен денсаулықты қорғау, жұмыс және демалыс уақыттары, кәсіподақ қызметінің кепілдіктері, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру.

Мысалы, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының басшыларын, басшының орынбасарларын, бас бухгалтерлерін ынталандыру әдістерін анықтау мақсатында аталған білім беру ұйымдарының жоғары және тиімді қызмет нәтижесін, білім беру ұйымдары басшыларының лауазымдық міндеттеріне кірмейтін қосымша жұмыстарды есепке алатын директорлар Кеңесін басқарғаны және базалық колледж үшін үстемақы белгіленді:

➤ *колледж директоры – колледж директорларының Кеңес төрағасы – директордың лауазымдық жалақысынан 40% (ай сайын);*

➤ *колледж директоры – колледж директорларының Кеңес төрағасының орынбасары – директордың лауазымдық жалақысынан 30% (ай сайын);*

➤ *базалық колледж директоры, АОӘБ басшысы - директордың лауазымдық жалақысынан 30% (ай сайын).*

➤ *Ұжымдық шарттарда қызметкерлерге қосымша ақылы (білім беру және білім беру емес) қызметтерді ұйымдастырғаны үшін қосымша ақылар көзделген:*

Алдыңғы қаржылық жылындағы ақылы (білім беру және білім беру емес) қызметтерден түсетін кірістер көлемі кезінде	Директордың лауазымдық жалақысына ай сайынғы қосымша ақының мөлшері		Бас бухгалтердің лауазымдық жалақысына ай сайынғы қосымша ақының мөлшері	
	Білім беру қызметтері емес	Білім беру қызметтері	Білім беру қызметтері емес	Білім беру қызметтері
0,5-1 млн. теңге	10%		5%	
1 – 3 млн. теңге		10%		5%
1,1 – 3 млн. теңге	15%		10%	
3,1 – 5 млн. теңге	20%	15%	15%	10%
5,1 – 7 млн. теңге	25%	20%	20%	15%
7,1 – 9 млн. теңге	30%	25%	25%	20%
9,1 – 11 млн. теңге	35%	30%	30%	25%
11,1 – 13 млн. теңге	40%	35%	35%	30%
13,1 – 15 млн. теңге	45%	40%	40%	35%
15,1-17 млн. теңге	50%	45%	45%	40%
17,1 – 19 млн. теңге	55%	50%	50%	45%
19,1 – 21 млн. теңге	60%	55%	55%	50%
21,1-23 млн. теңге	65%	60%	60%	55%
23,1-25 млн. теңгеден жоғары	70%	65%	65%	60%
25,1-27 млн. теңге		70%		65%

27,1-29 млн. теңге		75%		70%
29,1-31 млн. теңгеден жоғары		80%		75%

Мемлекеттік бюджет есебінен (Келісімнің 16 қосымшасы) облыстық білім беру ұйымдарының басшыларының лауазымдық жалақысына лауазымдық жалақыдан пайыздық үстемақы белгіленді:

➤ Мамандандырылған білім беру ұйымдары: оқушылардың республикалық, халықаралық деңгейлерде жеңіске жетуі - 100%. Мектеп жанындағы интернаттың бар болуы – 50%.

➤ Құрылымдық реабилитация (қалпына келтіру) бөлімшесі бар, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде құрастырылған, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымдары – 100%. Ауыр құрама диагноздары бар балаларды оқытуды ұйымдастыру - 50%. Мектеп жанындағы интернаттың бар болуы – 50%. Республикалық және облыстық спорттық шараларда, олимпиадалар мен конкурстарға қатысу – 50%.

➤ Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін білім беруді ұйымдастыру: халықаралық, республикалық спорттық шараларда, олимпиадалар мен конкурстарда жеңіске жету – 100%. 100 адамнан аса контингенттің бар болуы.

Білім беру ұйымдарының ұжымдық шарттарында ақылы еңбек демалысының үш күнге дейін ұзартылуы қарастырылған :

✓ Қалалық, аудандық (мектеп) әдістемелік бірлестіктерінің және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына;

✓ Бас бухгалтерлерге, бухгалтерлерге, бас экономистерге, экономистерге;

✓ Мемлекеттік сатып алулар бойынша менеджерлерге (мамандарға);

✓ Кітапханашыларға; медициналық қызметкерлерге;

✓ Кадрлық қызмет инспекторлары мен басшыларына; заң кеңесшілеріне;

✓ Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарларына.

Сонымен қатар, тараптар тәлімгерлік үшін ақылы еңбек демалысын үш күнге дейін ұлғайтуға өзара келісті:

✓ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне;

✓ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне;

✓ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін ұйымдар тәрбиешілеріне;

✓ психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинет пен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың арнайы педагогтарына (педагог-логопед, педагог-дефектолог, олигофренопедагог және т.б.);

✓ қосымша білім беру ұйымдарындағы қосымша білім беру педагогтарына.

Кәсіподақ мүшелерінің еңбек жағдайының нашарлауына жол бермеу, қолда бар әлеуметтік-еңбек кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз ету кәсіподақтың негізгі міндеттері.

Бүгінгі күні ұжымдық шарттардың қолданыс уақытының өтуіне байланысты ұжымдық шарт науқанына дайындық басталуда. Негізгі мақсат, ол: Қазақстан Республикасының азаматтарының кәсіподақ пен әлеуметтік әріптестікке қатысуда конституциялық құқықтарын жүзеге асыру; еңбек саласында мемлекеттік кепілдіктердің толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету.

Кәсіподақ органдарының барлық деңгейлерінде серіктестермен келіссөз жүргізуде қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күй деңгейін көтеру, қауіпсіздік, еңбекақы, еңбек жағдайын жақсарту мәселелерін келіссөз жүргізу барысындағы ұстанымдар тізбесіне енгізуде белгілі бір жұмыстар жүргізілуде.

Қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының деңгейін көтеретін ұстанымдар әлеуметтік әріптестің актілерінде де бекітілуде. Соның ішінде, Еңбек күнінде бюджет қаражаты тарапынан бір лауазымдық жалақы көлемінде босатылған техникалық инспекторларға сыйақы беру туралы ұсыныс.

Сонымен қатар, бірқатар шешілмеген міндеттер мен мәселелер де бар. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеудің толық көлемде шешілмеген мәселелеріне: шектеулі бюджеттік қаржыландыру; қызметкерлердің әлеуметтік енжарлығы, өз мүдделерін ұжымдық қорғауға деген ұмтылыстың болмауы, Ұжымдық шарттың маңыздылығын жіті бағаламауы, қажетті білімі мен тәжірибесінің болмауын жатқызуға болады.

Сондай-ақ, облыстық кәсіподақ ұйымының органдарындағы заң қызметінің әлсіз жұмысы да ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуына тиісті бақылаудың болмауына әкеліп соғуда.

«Қорғав» КБ төрағасы



В. Кушетерова